Әділет

# "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 28 ақпандағы N 37-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 28 ақпандағы
N 37-ө өкімімен
бекітілген

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2007.08.07. N 213-ө өкімімен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Тізбеге өзгерту енгізу көзделген - ҚР Премьер-Министрінің 2010.07.21 № 104-ө Өкімімен (жариялануға жатпайды).

## "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

| Р/с N | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | Орындауға жауапты мемлекеттік орган | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген көркем, шығармашылық | Қазақстан Республикасы | Мәдениетмині | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ұжымдарға "Ұлттық" мәртебесін беру ережесін бекіту туралы | Президенті-нің Жарлығы | | 2007 жылғы желтоқсан |
| 2. | Мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға "Академиялық" мәртебесін беру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Мәдениетмині | 2007 жылғы желтоқсан |
| 3. | Мәдениет саласындағы мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтер көрсету ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Мәдениетмині (жинақтау), ЭБЖМ | 2007 жылғы ақпан |
| 4. | Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 5. | Мәдени құндылықтарды әкетуге және әкелуге рұқсаттар беру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 6. | Тарихи-мәдени және табиғи қорықтардың, қорық-мұражайлардың мәртебесін айқындау ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Мәдениетмині | 2007 жылғы желтоқсан |
| 7. | Театр, концерттік және мәдени-демалыс іс-шараларының халық үшін қол жетімділігін қамтамасыз ету жөнін-дегі қызметтерді ұсынуға, классикалық, халықтық, музыкалық және хореографиялық өнерді насихаттауға байланысты шығындарды жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Мәдениетмині (жинақтау), ЭБЖМ | 2007 жылғы желтоқсан |
| 8. | Тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын, есепке алынуын, жинақталуын және реставрациялануын қамтамасыз етуге байланысты шығындарды жабуға бюджеттік субсидиялар бөлу ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Мәдениетмині (жинақтау), ЭБЖМ | 2007 жылғы желтоқсан |
| | Мемлекеттік кітапхана-лардың, мұражайлар мен | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9. | мұражай-қорықтардың негізгі қызметіне қатысы жоқ тауарларды (жұмыстарды, қызмет-терді) сатудан қаражат-тың түсуі мен оны пайдалану ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Мәдениетмині (жинақтау), ЭБЖМ | 2007 жылғы ақпан |
| 10. | Қазақстан Республикасы-нан әкетілетін және оған әкелінетін мәдени құндылықтарға сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 11. | Мәдениет саласында мемлекеттік стипендия-лар беру ережесін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 12. | Көтермелеудің салалық жүйесін бекіту туралы | Бұйрық | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 13. | Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлері-нің санаттарына үлгі біліктілік талаптарын бекіту туралы | Бұйрық | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 14. | Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау ережесін бекіту туралы | Бұйрық | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 15. | Шығармашы қызметкердің мәртебесін растайтын сертификат беру ережесін бекіту туралы | Бұйрық | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 16. | Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға арналған сырттай және стационардан тыс қызмет ету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу ережесін бекіту туралы | Бұйрық | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 17. | Қазақстан Республикасы-ның мұражай қорын қалыптастыру және ұстау ережесін бекіту туралы | Бұйрық | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 18. | Мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай жәдігерлері мен мұражай коллекцияларына қол жеткізу ережесін бекіту туралы | Бұйрық | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 19. | Көркем-сараптамалық кеңестер туралы ережені бекіту туралы | Бұйрық | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 20. | Мәдени құндылықтарды әкету және әкелу жөніндегі сараптамалық комиссия туралы ережені бекіту туралы | Бұйрық | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 21. | Көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халық" (үлгілі) атағын беру ережесін бекіту туралы | Бұйрық | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |
| 22. | Кітапхана қорларын сақтау және пайдалану жөніндегі ережені бекіту туралы | Бұйрық | Мәдениетмині | 2007 жылғы ақпан |

**Ескертпе:** аббревиатуралардың толық жазылуы:

Мәдениетмині - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК